

**Мусабекова Лаура Дильмуратовнаның**  
**«Қазақстандағы қазіргі заманғы көркемсурет көрмесі:**  
**типологиясы мен дамуы» тақырыбындағы 6D041600 – өнертану**  
**мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін**  
**дайындаған диссертациясының мәтініне**  
**АҢДАТПА**

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы**

Көрме кеңістігі әу бастан-ақ киелі орын саналатын. Мұнда келген адам түрлі эмоциялық күй кешеді. Қазақстандағы қазіргі заманғы көркемсурет көрмелері мәдени-эстетикалық және әлеуметтік функцияларын орындап, өз заманының көркем бейнесін жасап ғана қоймай, қоғамдағы жалпы мәдени үрдістерді болжап жатады. Осы қалпында ол біраз уақыттан бері дербес әрі тәуелсіз шығармашылық жанр бағытына айналып үлгерді. Себебі, көркем шығармашылықтан бөлек, жалпы, адамзат баласының қызметін танытып, тың идеялар мен тұжырымдамалық технологияларды айшықтап отыратын нақ осы көрме. Осы зерттеу жұмысы осы құбылысты саралауға арналған.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі**

Заманауи өнертану ғылымында көрмені «түрлі экспозициялық формалар арқылы өнердегі көкейкесті мәселелерді ортаға сала отырып, күллі адамзат баласына ортақ құндылықтарға көпшіліктің назарын бір аудартудың жолы» деп қабылдайды.

Қазақстанның мәдени парадигмасында «көркемсурет көрмесі» атты құбылыстың өзі идеялық, мағыналық эстетикалық және материалдық компоненттердің кешенін меңзеп, өз кеңістігінде бейнелеу өнерінің көкейкесті мәселелерін ортаға салады. Адамды қоршаған орта арқылы ақпарат бөлісудің тиімді тәсілі – репрезентативтілік. Осы тұрғыдан алғанда, көрме суретші, куратор, дизайнер, сәулетші, мұражай қызметкері, тарихшы және басқа да мамандық иелерінің қызметінің симбиозы. Көрме – дәйекті әрі байыпты зерттеуді талап ететін күрделі құбылыс, өнер синтезі іспетті. Адамның тұлға болып қалыптасуына үш мекен әсер ететіні әлімсақтан белгілі: тұрған мекені, жұмыс орны және мәдени демалыс мекемелері. Демек, көрме өткізу – мәдениеттану саласының аясынан асып, әлеуметтік реңк алып келеді. Халықаралық мәдени қарым-қатынас, адамзатқа ортақ құндылықтарды тарату орны сынды сипаттарымен қоса, көрме атаулы – «көңіл көтеру өркениетіне» айналып отыр.

Осыған байланысты осы күрделі әрі сан қатпарлы үрдістің тарихын, оның пайда болуы мен типологиялық сипаттамасы мен түрлі аспектілерін қарастыру – өнертанушылық сараптама үшін өте қызықты. Зерттеу жұмысының өзектілігін де осы жәйт айқындап отыр.

**Зерттеу нысаны**

Қазақстанның заманауи мәдениеті контекстіндегі көркемсурет көрмесінің феномені.

**Зерттеу пәні**

Мәдени үрдістің қалыптасуы жағдайындағы заманауи көрменің даму ерекшеліктері мен типологиясы мәселелерін қамтыған.

### **Зерттеудің мақсаты**

Заманауи көркемсурет көрмесінің даму барысындағы негізгі тенденцияларды саралап, оның айқын типтерін түрлендіру.

### **Зерттеудің міндеттері:**

- Көркем кеңістіктің бір түрі ретінде көрме кеңістігін теориялық тұрғыдан ұғыну;
- Заманауи көркемсурет көрмесінің негізгі типтерін айқындап, зерттеу. Әлемдік және қазақстандық ірі көркемсурет мұражайлары мен көрме залдары мысалға алынды;
- Көрме практикасындағы тарихилықты зерттеу;
- Көрме қызметіндегі мағыналық санаттардың трансформациясын зерттеу;
- ҚР қалаларында көрме кеңістігін жасау принциптерін зерттеу;
- Көрме қызметіндегі әлеуметтік тапсырыстың рөлін анықтау;
- Қазақстандағы мәдени үрдістің қалыптасуына әсер еткен коммуникативті ортаның тың формаларының негізгі сипаттамаларын айқындау.

### **Мәселенің зерттелу деңгейі**

Өнертану саласында көркемсурет көрмесінің феномені түрлі аспектіде қарастырылады. Көркемсурет көрмесі мәдениеттегі құбылыс саналғандықтан, түрлі қызмет аясын қамтиды. Осыған байланысты бұл құбылысты зерттегенде жан-жақты қарастырған жөн. Сол себепті, өнертану, мәдениеттану, мұражайтану, дизайн, масс-медиа және тағы басқа ғылымдардың әдістемелерін қолданған абзал.

Осылайша, көркемсурет көрмесі феноменін қарастыратын кез-келген мәселе қарқынды дамып, сондықтан, көкейкесті саналады. Көркемсурет көрмесі тақырыбы мен оның дамуына қатысты мәселелер ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттеушілердің назарына ілігеді. Сол кезден бері айтарлықтай сауатты зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Ғылым саласында *көркемсурет көрмесі қызметінің феномені көркем мәдениеттің әлеуметтік институтына баланатын* (Е.А. Богатырев, О.В. Беззубова, Ф.Г. Кротов, Н.В. Нагорский, С.В. Пшеничная, К. Хадсон, К.Г. Левыкина, Т. Ю. Юренева, Т. П. Калугина және т.б.) *мұражай қызметі контекстінде зерттелді.*

Көрме қызметін қарастырудың өзге де аспектітері:

- *тарихи* (К.Г. Левыкина, А.Б. Закс, Д.А. Равикович, А.С. Мигунов, Е.Н. Мастеница, А.М. Разгон, К.Е. Рыбак, А.Е. Коропов, Л.М. Шляхтина, Т. Ю. Юренева және т.б.) - мәдениет пен өнер тарихы контекстінде көрме және экспозиция қызметінің түрлі формаларының пайда болу тарихына көбірек мән беріледі;

- *теориялық-әдістемелік* (О.Б. Архипова, М.Т. Майстровская, В.М. Ахунов, С.В. Богородский, Ф.А. Костриц, В.В. Литвинов, А.В. Ляшко, Н.В. Мазный, Е.А. Розенблом, О.С. Сапанжа және т.б.);

- *практикалық* (Я. Лоренц, Л. Сколник, К. Бергер, Т.П. Поляков, Т. М. Пчелянская, В. Ф. Рунге, Е.О. Торопова және т.б.);

- *көрмені коммуникация түрі, айтулы және семантикалық жүйе тұрғысынан қарастыру* (К. Бергер, Л. Витгенштейн, Е. Добробабенко, Н. Добробабенко, Г. Захаренко, З.А. Бонами, Е.В. Волкова, В.В.Литвинов, В. М. Аллахвердов, Р.Р. Кликс, Т.П. Поляков, И.А. Щепеткова және т.б.) – сәулет өнері, мультимедиа тұсаукесерлері, театр, перфоманс және коммуникация ортасы аспектіінде көрме-экспозиция кеңістігін ұйымдастыру тәсілдерін зерттейді.

Қазақстанда көркем кеңістікті ұйымдастыру мен дамыту мәселесімен өнертанушылар айналысып, оны жалпы бейнелеу өнерінің дамуы контекстінде қарастырып келген (Р. Ерғалиева, О. Батурина, Е. Малиновская, Б. Барманқұлова, Н. Еженова, Е. Михайлова, Д. Шәріпова, С. Көпжанова, М.Мүсин және басқалары).

Осы зерттеуде көрме тұтас көркем-бейнелік жүйе ретінде қарастырылған. Рухани және құрылымдық-семантикалық тұтастық онтологиялық, семантикалық және функционалды-эстетикалық аспектілерді қамтиды.

Алайда, мұражай және көрме-экспозиция қызметін зерттеуге арналған ғылыми еңбектердің молдығына қарамастан, олар негізінен, көрме қызметінің әлеуметтік, тарихи немесе практикалық аспектілерін қарастырып келген.

Осы диссертациялық зерттеудің **теориялық-әдістемелік негіздемесі** философия, өнер теориясы мен тарихы бойынша ғылыми еңбектерге сүйенген. Диссертациялық зерттеудің бастапқы әдістемелік ережесі – көркемсурет көрмесі фонеменінің бейнелік тілінің материалдық және образды-мағыналық тұтастығы жайлы ұстаным. Осы диссертациялық еңбек идеясының бастау бұлағы:

- көркемсурет көрмесін семантикалық-семиотикалық құрылым ретінде тану (В.П. Арзамасцев, Н. Никишин),

- М.Т. Майстровская, Н.В. Мазной, Т.П. Поляков, Э.А. Шулеповалардың еңбектерінде көрініс тапқан заманауи экспозиция типологиясын саралаудың ұстанымы – көркемсурет көрмесін қазіргі замандағы арт-нарықтың (А.В. Карпов, Т.М. Милюкова, Т.Е. Шехтер) бір бөлшегі ретінде тану.

### **Зерттеу әдістемесі**

Диссертацияны жазу барысында автор заманауи өнертану ілімінде қазіргі заманғы көркемсурет көрмесін теориялық әрі тарихи-көркем тұрғыдан ұғынуға бағытталған әдістемелер кешенін қолданды. Соның ішінде:

- Көрме қызметінің даму тарихындағы ортақ әрі жеке құбылыстарды зерттеуге бағытталған салыстырмалы-тарихи әдістеме;

- Көрме қызметінің негізгі тенденцияларын анықтап, теориялық негіздемесін жасау мақсатымен жүзеге асыралатын, экспозициялық

шығармашылықтың ауыз толтырып айтарлық мысалдарын көркемдік-стилистикалық саралау әдістемесі;

– Заманауи көрме қызметінің экспозициялық формалары, оны ұйымдастырудың негізгі ұстанымдарын анықтау мақсатында жүзеге асырылатын типологиялық әдістеме;

– Түрлі экспозициялық міндеттерді атқару үшін жасалатын көрменің образды-мәнерлік келбетін салыстырып, саралау мақсатында жүзеге асырылатын салыстырмалы-сипаттамалы әдістеме;

– Қазақстан тұрғындары арасында жасырын анкета жүргізіп, жалпы көрме қызметіне деген талаптарын анықтау мақсатында жүзеге асырылған әлеуметтанушылық зерттеу;

– кешенді өнертанушылық сараптама жүргізу мақсатында жүзеге асырылған салыстырмалы-салғастырмалы әдістеме.

### **Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы**

біріншіден, автордың пікірінше көкейкесті саналатын заманауи көркемсурет көрмесін – экспозициясын көзбен көріп, санаға тоқу факторына теориялық негіздеме жасалды;

екіншіден, экспозициялық формалардың типологиясы анықталып, қарастырылды;

үшіншіден, заманауи көркемсурет көрмесінің түрлі аспектілері кешенді түрде сараланды;

төртіншіден, коммуникациялық кеңістікті жасақтаудағы инновациялық әдістемелер сараланды;

бесіншіден, Қазақстандағы көрме қызметінің дамуы жан-жақты сараптамадан өткізілді;

алтыншыдан, аталған тақырып бойынша ауқымды әлеуметтанушылық зерттеу жүргізілді;

жетіншіден, көрме қызметінің әлеуметтанушылық аспекті зерттелді.

Зерттеу жұмысының тың дүние саналатын себебі, отандық өнертану ілімінде бұл тақырып әлі терең зерттеле қойған жоқ.

### **Қорғауға шығарылатын қағидалар**

1. ҚР заманауи көркемсурет көрмесі – нақты бір қоғамның мәдени құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған бірегей әрі тұтас бір феномен әрі дербес кәсіби қызмет түрі;

2. Өнертану ілімі тұрғысынан алғанда, базалық мағыналық санаттарының негізгі тенденцияларын зерттеу басымдыққа ие.;

3. Мұражай кеңістігі – мазмұны күрделі ерекше семантикалық орта;

4. Дамудың қазіргі сатысында ҚР көрме қызметі халықаралық мәдени қарым-қатынас, тәжірибе алмасудың негізгі құралы, сонымен қатар, көркем әрі технологиялық құралдардың ең маңыздысы;

5. Қазақстандағы заманауи көркемсурет көрмесі – ақпаратты белгілі бір орта арқылы тарататын, өзара әлеуметтік әрекеттесу орталығына айналып келеді;

6. ҚР қалалары мәдениет пен білім беру саласында тәжірибе алмасудың әлеуеті мол алаңы;

7. Қазақстанның заманауи көркемсурет ортасы статикадан интерпретациялық және дидактикалық сипатқа ие болды. Бұл жаңа интергративті үрдіс.

**Еңбектің ғылыми-теориялық маңызы** – көркемсурет көрмелерінің барлық түрі құрылымдалып, қазіргі жағдайдағы Қазақстанның көрме қызметі сараланды.

**Еңбектің практикалық маңызы.** Аталған жұмыс:

1) заманауи мәдени үрдістің көкейкесті мәселелеріне арналған көркем және көрме жобаларын жүзеге асыруда ғылыми-әдістемелік құрал ретінде қолданыла алады;

2) көркемсурет көрмесін ұйымдастыруға байланысты білім беретін оқу орындарында семинар және практикалық пәндерден дәріс бергенде оқулық-әдістемелік материал ретінде қолданыла алады.

**Зерттеу нәтижесін сыннан өтуі мен енгізу:**

Диссертациялық зерттеудің негізгі қағидалары жарыққа шыққан 7 ғылыми еңбекте көрініс тапқан, соның ішінде, импакт-факторы бар журналда. Сонымен қатар, зерттеу материалдары халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың талқысына салынып, ҚР ККСОН ұсынған және Scopus мәліметтер базасына енген журналда басылған. Зерттеу аясында Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ 18 жылдық көрме қызметіне қатысты статистикалық мәліметтер жиналды. Бұл мәліметтерді болашақ жоспарлау барысында қолдануға болады.

**Жұмыс құрылымы**

Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қортынды мен әдебиет тізімі мен қосымшадан тұрады.

**«Көркемсурет көрмесі феноменін зерттеудің теориялық-әдістемелік негіздемесі»** атты бірінші тарауда көркемсурет көрмелері түрлері сараланып, әдістеме мәселесі көтерілді. Автор көрме түрлерінің өз кестесін жасады. Осы мәселенің бастау бұлағы кеңінен зерттелді, көркемсурет мұражайларын ұйымдастырудың шет елдік тәжірибесі, олардың көрме коллекциясы зерттелді. Қазақстандағы көрме қызметінің даму тарихы қысқа баяндалды. Қазақстандағы көрме қызметінің тарихы, еуропалықтардағыдай, тереңде жатыр. Ол ХХ ғасырдың 1920-шы жылдарынан бастау алады. Бұл - табысы мен жаңалығы мол шақ еді. Сондықтан, республикамыздың өнерін экспозиция арқылы насихаттау мәселесі жалпы қазақ мәдениетін қабылдауда ерекше маңызға ие. Сондықтан, әлемдік кеңістіктегі көркемсуретті көрмелердің экспозициялық формаларымен танысу керек.

**«Көрме қызметі мазмұнының заманауи аспектітері»** атты екінші тарауда Қазақстандағы заманауи көрме қызметінің тарихы мен синтетизмі қарастырылады. Заманауи көрме қызметі тарихи аспектітермен қоса, синтетикалық көркем тұжырымдамаларға да ие. Қазақстанның заманауи өнерінде синтетизм кеңінен

көрініс тапқан. Соңғы жылдардағы көрме жобалары әлем жұртшылығына еліміздегі көркемдік ағымдарды барынша таныстырып келеді. Суретші мен көрерменді табыстырудың жаңа формаларын іздеу өнердің жаңа синтезін тудырып, өнер мұражайлар мен көрме залдарынан көшеге, саябақтарға көшті. Сәулет өнері, дизайн, медиа-технология түйіскен тұста заманауи өнердің жаңа жанрлары пайда болады. Олардың өзі көрерменмен байланыс құрудың тың формаларын талап етеді.

**«Көркемсурет көрмесі – Қазақстандағы мәдени үрдісті қалыптастырудың маңызды факторы»** атты үшінші тарауда өнердің сан түрінің дамуының динамикасы қарастырылады. Осы уақытқа дейін басымдыққа ие болып келген сәулет өнері көлеңкеде қалып, әлеуметтік-мәдени жобаларда бірінші орынға бейнелеу өнері шығып отыр. Қазақстан Тәуелсіздік алғалы бері көкейкесті мәселеге айналып отырғаны – Заманауи өнер орталығы жоқ. Әйтпесе, қазіргі өнер түрлері жан-жақты таныстырылып, мамандар мәдениеттегі заңды өзгерістердің табиғатын бағдарлар еді. Автор өз еңбегінде осы тектес институциялардың әлем кеңістігіндегі көріністерін саралап, Қазақстанға ыңғайлы векторды айқындаған. Зерттеу шеңберінде автор Қазақстан тұрғындарына арналған әлеуметтанушылық зерттеу бағдарламасын шығарды. Анкета бірегей әдістеме бойынша құрастырылып, орыс тілінде жазылған.

Диссертация қорытындысында зерттеу нәтижелеріне қарасты қысқаша түйін шығарылды.

Қосымшада Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ 18 жылдық көрме қызметіне қатысты статистикалық мәліметтер ұсынылған.